



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА


БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару

Астана қ.
2023 жылдың наурызы



01.04.2023ж. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ПОРТФЕЛІ

Портфель құрылымы




Зейнетақы активтерінің серпіні



- БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері 2023 жылдың басынан бастап **0,8 трлн. теңге** немесе **5,3%** өсіп, **15,4 трлн. теңге** болды.
- 2016 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **валюталық үлесі** кезең кезеңімен **17%**-дан **33%**-ға дейін ұлғайтылды.
- Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің валюталық үлесін **30%** деңгейінде **қолдауды** жоспарлап отыр (2022 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің өсуі аясында, оның ішінде инвестициялық табыс есебінен, БЖЗҚ портфеліндегі валюталық активтердің үлесі төмендеп, **28,4%** құрады)



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЛУ



БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялау **соңғы 2 жылда** салымшылардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алып қоюымен шектелді, олардың көлемі 2021 жылғы ақпаннан бастап шамамен **3,5 трлн** теңгені құрады

- 2022 жылы ҚР Қаржы министрлігі шығарған ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары жылдық **14,4%** орташа алынған кірістілікпен **2,4** трлн теңге сомасына, сондай-ақ ЕДБ облигациялары жылдық **18,8%** орташа алынған кірістілікпен 26,6 млрд теңге сомасына сатып алынды
- 2023 жылдың алғашқы 3 айында ҚР Қаржы министрлігі шығарған ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары жылдық **15,1%** орташа алынған кірістілікпен **215,2 млрд** теңге сомасына сатып алынды



2022 Ж. ӘЛЕМДІК АКЦИЯЛАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР ИНДЕКСТЕРІНІҢ СЕРПІНІ

MSCI индексі



АҚШ МБҚ индексі



Дамушы елдер облигацияларының индексі



Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар индексі





01.04.2023ж. ӘЛЕМДІК АКЦИЯЛАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР ИНДЕКСТЕРІНІҢ СЕРПІНІ

MSCI индексі



АҚШ МБҚ индексі



Дамушы елдер облигацияларының индексі




Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар индексі





ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ



- Активтер бөлінісінің көпшілігінің теріс кіріс көрсетуіне қарамастан, зейнетақы активтерінің **табыстылығы** 2022 жылы **6,55%** болып, есептелген инвестициялық табыстың мөлшері **914,1 млрд** теңгені құрады.
- 2014 жылдан бастап 2022 жылғы желтоқсанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің **жинақталған кірістілігі** жинақталған инфляция **120,9 %** мөлшерінде болған кезде **123,1%** болды.



ВАЛЮТАЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ НЫСАНАЛЫ БӨЛУ

Субпортфель	Нақты мәні	Мақсатты мәні (рұқсат етілген ауытқу)	Сипаттамасы
Дамыған елдердің облигациялары	24,5%	→ 30% (±10%)	Өтеу мерзімі 1-10 жыл АҚШ МБҚ
Дамушы елдердің облигациялары	15,3%	→ 25% (±10%)	Катар, Израиль, Мексика, Қытай және т. б. сияқты "BB -" төмен емес рейтингі бар дамушы елдердің МБҚ.
Корпоративтік облигациялар	13,7%	→ 20% (±10%)	Bank of America, JPMorgan, Amazon, Intel және т. б. сияқты рейтингі "BBB -" төмен емес АҚШ долларындағы корпоративтік эмитенттердің облигациялары.
Акциялар	18,4%	→ 25% (-17%/+10%)	Apple, Microsoft, Tesla және т. б. сияқты MSCI World Index жаһандық индексіне кіретін акциялар.
Өтімділік портфелі	27,8%	→ 0% (+40%)	Қазақстанның еурооблигациялары, шетелдік банктердегі депозиттер және т. б. сияқты нысаналы аллокациядан тыс активтер.
Жинағы:	100%	100%	

- БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық бөлігін **тиімді басқару** мақсатында активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестициялауды көздейтін **стратегиялық бөлу** әзірленді
- Валюталық портфельді стратегиялық бөлу қолданысқа **2022 жылдың 1 қаңтарынан** бастап енгізілді.
- Валюта портфелінің ағымдағы құрылымын оның белгіленген нысаналы мәндеріне келтіру жөніндегі жұмыс **кезең кезеңімен** жүзеге асырылады



1. Зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейде ұстап тұру

- Зейнетақы активтерінің одан әрі күтілетін өсуін ескере отырып, БЖЗҚ портфеліндегі валюталық үлес 2023 жылдың соңына қарай **24,3%** дейін төмендеуі мүмкін.
- Валюталық позицияны **30%** деңгейінде ұстап тұру үшін шамамен **2 млрд** АҚШ долларын сатып алу қажеттілігі туындайды.
- Шетел валютасын сатып алу жөніндегі операциялар Қазақстан қор биржасының алаңында бір жыл ішінде **біркелкі** жүзеге асырылатын болады.

2. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ облигацияларын сатып алу

- 2023 жыл ішінде "Бәйтерек" ҰБХ» АҚ ұзақ мерзімді облигацияларына БЖЗҚ-ның **500 млрд** теңгеге дейінгі **мөлшердегі** зейнетақы активтерін **нарықтық шарттарда** инвестициялау жоспарлануда.
- Бұл көлем инвестициялаудың **рұқсат етілген лимитін** білдіреді және БЖЗҚ зейнетақы активтерін орналастыру бойынша **міндеттеме болып табылмайды**
- Тартылған қаражат машина жасау, металлургия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, инфрақұрылым және басқа да салалардағы **ірі жобаларға** несие беруге бағытталатын болады
- Қаржыландыру үшін **жобаларды іріктеу** және бөлінген қаражаттың игерілуін **бақылау** ҚР Үкіметі деңгейінде жүзеге асырылатын болады